

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 6 (9324) | 1954 жылғы 9 январь Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс комсомол ұйымының айбынды міндеттері

Бүгін облыстық XI комсомол конференциясы ашылады. Бұл — облыс комсомол ұйымының өміріндегі саяси зор оқиға. Облыс комсомол ұйымы өзінің бұл конференциясына елеулі табыстармен келіп отыр.

Комсомол ұйымдары партия ұйымдарының басшылығымен жастардың коммунистік саналылығын және өндірістік белсенділігін арттыра түсуде едәуір жұмыстар істеді. Облысымыздың комсомолдары мен жастары СОКП Орталық Комитеті сентабрь Пленумының социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын бұрынғыдан да өркендетуге бағытталған тарихи қарарларымен жігерленіп, ауылшаруашылық саласының шығымын арттыра түсуде, болжол, совхоздардың қоғамдық мал басын көп өсіріп, оның өнімділігін бұрынғыдан да молайтуда қажырлы еңбек істеп жүр. Кәзірдің өзінде мал шаруашылығында 2500-ден аса комсомолдар мен жастар жұмыс істеп жүр. Сол сияқты, 2 мыңдай комсомолдар мен жастар тракторшы, комбайншы, агроном болып жұмыс істейді.

Комсомол ұйымдарының ең негізгі міндеттері — жастарға коммунистік тәрбие беру. Есеп беріп отырған мерзім ішінде облыс комсомол ұйымдары бұл салада да бірсыпыра жұмыстар істеді. Ең алдымен оқу орындарының комсомол ұйымдары нығайтылып, олардың жұмыс дәрежесі жақсара түсті. Қалалық, аудандық комсомол комитеттері оқу орындары комсомол ұйымдары мен мектеп пионер ұйымдарының жұмысына нақтылы басшылық жасап, әсерлі көмек көрсететін болды. Мұнымен бірге, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, транспортта және мекемелер мен ұйымдарда істеп жүрген комсомолдар арасындағы саяси-тәрбие жұмысының дәрежесі соңғы кезде біраз жақсарды.

Соңғы уақытта комсомол ұйымдары комсомолда жоқ жастармен байланысын күшейте түскендігін айта кеткен жөн. Есеп беріп отырған мерзім ішінде облыс бойынша ВЛКЖО қатарына 6 мыңнан аса жас жігіттер мен қыздар қабылданды.

Алайда, облыс комсомол ұйымының жұмысы бүгінгі күннің талабына толық сай болып отыр деп айта алмаймыз. Демек, комсомол ұйымдарының жұмысында

молекулалар мен жастардың өндірістік жоспарлар мен тапсырмаларды ойдағыдай орындап, өнім сапасын жақсартуға түсу және оның өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарысы пәрменді ұйымдастырылмай келді. Мәселен, шағын двигателдер және Киров атындағы заводтарды алайық. Бұл заводтарда істейтін комсомолдар мен жастардың барлығы дерлік қағаз жүзінде социалистік жарысқа ұштастырылған. Бірақ, олардың нақтылы міндеттеме алып, ол міндеттемелерін мүлтіксіз орындауын ұйымдастырып жүрген ешкім жоқ. Аталған кәсіпорындарының комсомол ұйымдары комсомолдар мен жастардың социалистік жарысты ұйымдастырып, олардың міндеттемелерін орындап шығуын ұйымдастыру ісінен аулақ қалған. Ал, қалалық комсомол комитеті (секретары Шәкіров жолдас) бұл кәсіпорындарындағы жоғарыда аталған жағдайды біле-тұра істің жайын түзеу мәселесімен шұғылданбай отыр.

Жоғарыда облыстың оқу орындарының комсомол ұйымдары бұрынғыдан едәуір нығайтылып, олардың жұмыс дәрежесі жақсара түсті дедік. Бұдан барлық оқу орындары комсомол ұйымдарының жұмысында ешбір кемшілік жоқ деген ұғым гүмайды. Облысымызда, әсіресе, қалада оқушы жастар арасында саяси-тәрбие жұмысын тиісті дәрежеде жүргізе алмай, барлық оқушылардың сабақты түгел ойдағыдай үлгеруіне жетісе алмай жүрген оқу орындарының комсомол ұйымдары да жоқ емес.

Бүгінгі ашылағалы отырған облыстық XI комсомол конференциясының делегаттары облыс комсомол ұйымының жұмысындағы жоғарыда аталған және басқа кемшіліктердің бетін ашып, ол кемшіліктерді жоюдың нақтылы жолдарын және бүкіл облыс комсомол ұйымының алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттерді белгілеуге тиіс.

Партия мен үкметіміз социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету, халыққа қажетті көпшілік қолды товарлардың молшылығын жасау міндетін қойып отыр. Облыс комсомолдары мен жастарының бүгінгі таңдағы ең басты міндеті — осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күрестің алдымен сапалы болуы.

Советтік Қазақстанда

Жаңа жылдың алғашқы күндерінде

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның металлургия кәсіпорындарында жоспардан тыс металл шығару жолындағы жарыс кең өрістеуде.

Ертіс мыс қорыту зауытының коллективі өткен жылы тазартылмаған мысты 1946 жылғыдан бірнеше есе көп берді. 1954 жылға көтеріңкі міндеттемелер алынды. Ертістің мыс қорытушылары январьдың алғашқы күндерінен бастап металл шығару қорытуды. Конвенто цехінің жас мастері комсомолец Федоров жолдастың сменасы металл шығару қорытуға бірінші болып кірісті. Конвенторшылар металл қорыту мерзімін 15—20 минут шалшаңдатты.

Өскемен мырыш зауытының металлургия жаңа жылдың алғашқы күндерінде еңбектегі табыстармен атап етуде. Ондаған электролитшілер тапсырмадан тыс шығарылған мырыштың алғашқы есебін ашты. Электролит цехінің кайношылары Николай Литвинов, Алексей

Булатов, Василий Дегтярев жоспардан тыс металлдың алғашқы тобын берді. Эндіріс озаттары электр қуатын мейлінше аз жұмсап, мырышты неғұрлым өп өндіруге ұмтылуда. Сергей Саворонның сменасы концентратты шалшаңдатырды.

ШОЛАҚТАУ. (Жамбыл облысы, ҚазТАГ). Қаратау кен-химия комбинатының коллективі жаңа жылдың алғашқы күндерін өндірістік табыстармен атап етуде. Барлық сменалар руда шығару графигін асыра орындап келеді. Эксиаваторшылар Сман Кадырсызов, Григорий Петухов және Федор Шмидт еңбек өнімділігін сменасына екі нормаға жеткізді.

Уагу-үгу зауытында кәзіргі өндіріс алаңынан фосфорит ұнын көп өндіру жолындағы жарыс өрістеуде. Агрегатшылар Аткиелтіров, Менаев, Луменецкая, Гурьева және басқа жолдастар күн сағатын жоспардан тыс өнім беруде.



Алматының ғылыми-экспериментальдық керамика станциясы әшекейленген әдемі жаңа бұйымдардың үлкен ассортиментін жасап шығаруда. Станция жаңа жылда 50 мың бұйым жасап шығарады. СУРЕТТЕ: цех мастерлері Б. Шмага (алдында) және Т. Позднякова керамикалық дайын бұйымдарды байқап тұр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Бағалы жемшөптік дақыл

ПАНФИЛОВ. (Талдықорған облысы, ҚазТАГ). Панфилов ауданының Каганович атындағы колхозында судан шөбінің тұқымын егуге әзірлеу жұмысы аяқталды. Өткен жылы колхоз 80 гектар егістен 900 центнерден аса судан шөбінің тұқымын алды. Байжан Қалымжановтың егіс бригадасында судан шөбінің өнімі әр гектардан 18 центнер болды. Артель мемлекетке тапсырылған тұқым үшін 200 мың сомнан аса ақша алды, оған сонымен бірге 1.400 центнер астық, 420 центнер пішен есептелді.



Алматы полиграфия комбинаты В. И. Ленин Шығармаларының 26-томын қазақ тілінде басып шығарды.

СУРЕТТЕ: түптеу цехінің бақылаушысы комсомолка Т. Омарованың кітаптың басылу сапасын байқап тұрған кезі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Даңқты күннің қарсаңында

Республикалық саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамына Алматының кәсіпорындарынан, мекемелері мен оқу орындарынан Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы лекциялар оқуға күн сайын заяқалар түсуде.

Тарих ғылымының кандидаттары Калинин пен Чумак жолдастар, заң ғылымының кандидаттары Кирненко мен Хван жолдастар, Қоғамның толық мүшесі Петрушев жолдас және басқа көптеген лекторлар Алматы еңбекшілерінің алдында «ССРО-да Лениндік-Сталиндік

Алматының «XX лет Октября» механикалық зауыты 1953 жылдың прогресс мұрасын едәуір асыра орындады. Жаңа жылдың алғашқы күндерінде кәсіпорының коллективі жұмыс қарнының оған өрі өркендегіп келеді. Өндіріс графигін күн сайын асыра орындалуда. Топыраққа тыңайтқыш енгізетін — қый суын

Сырттан оқыту ісі өркендетілуде

Ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдар директорларының сырттан оқыту ісін жақсарту мәселелеріне арналған республикалық кеңесі болып өтті.

Кәзір Қазақстанда бір ауылшаруашылық, екі мәдәрігерлік зоотехникалық институт, 33 ауылшаруашылық техникумы жұмыс істейді. СОКП Орталық Комитетінің сентабрь Пленумынан кейін сырттан оқып, ауылшаруашылық білім

шашатын машина жасау жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Бұл машинаның алғашқы тобы Алматы облысының колхоздары мен совхоздарына жөнелтілді. МТС-тер мен ММШС-терге арналған универсалды фрезер станоктері жаппай жасала бастады.

(ҚазТАГ).

торлар мен колхозшылардан сырттан оқып, жоғары және орта дәрежелі ауыл шаруашылық білімін алуға тілек білдірген. 1.500-ден аса арыз түсті.

Кеңеске қатысушылар ауылшаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдарының сырттан оқытатын бөлімшелерінде методикалық жұмыстың кемшіліктерін атап көрсетті. Республиканың Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері тарапынан сырттан

әлі де елеулі кемшіліктер бар. Жуырда болып өткен аудандық, қалалық комсомол конференцияларында ондай кемшіліктердің беті ашылды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөнінде күрделі міндеттер қойғандығы мәлім. Ал, БЛКЖО Орталық Комитеті мен ҚЛКЖО Орталық Комитеті комсомолецтер мен жастарды СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы орындау күресіне қатыстыру жөнінде қарарлар қабылдап, бұл саладағы олардың міндеттерін атап көрсетті. Солай болғанда, қалалық, аудандық комсомол комитеттері және ең алдымен, облыстық комсомол комитеті комсомолецтер мен жастардың ауылшаруашылық өндірісінде көптеп істеуіне жетісе алмай келеді. Облыс комсомол ұйымы үстіндегі жылғы колхоздардың мал шаруашылығында жұмыс істеуге 1500 комсомолец жіберуге тиіс. Ал, комсомол ұйымдарының мал шаруашылығында жұмыс істеуге комсомолецтерді жіберуді ұйымдастыруының кәзіргі жайы мүлде қанағаттанғысыз. Жағдай осындай бола тұрса да, облыс комсомол комитеті және оның бірінші секретары Белегченко жолдас ауылшаруашылық өндірісінде жұмыс істеуге тілек білдіріп жүрген комсомолецтерді колхоздар мен МТС-терге көптеп жіберуді ұйымдастыру жөнінде шешуші шара қолданбай отыр.

Сол сияқты, кейбір аудандарда ауыл-село комсомолецтері мен жастардың колхоз өндірісіне қатынасуы қанағаттанғысыз. Бұл жөнінде Приешім және Мамлют аудандарын айырықша атап өтуге болады.

Социалистік жарыс—еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің басты құралы. Олай болса, әсіресе, комсомолецтер мен жастар арасында социалистік жарысты тыңғылықты ұйымдастырудың, олардың коммунистік саналылығы мен өндірістік белсенділігін арттыра түсу үшін ерекше маңызды бар. Бірақ, көп жерлерде комсо-

Ең алдымен, комсомол ұйымдары жастардың колхоз өндірісіне көптеп қатынастырылуына жетісуге тиіс. Облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері, колхоз, совхоздар мен МТС комсомол ұйымдары ауыл-село комсомолецтері мен жастарының механизаторлық мамандықты көптеп меңгеруіне үнемі қамқорлық жауапкер. Өйткені, ауыл шаруашылығының алдында тұрған күрделі міндеттердің табысты жүзеге асырылуы көбінесе механизатор кадрларға байланысты.

Мұнымен бірге, комсомолецтер мен жастар картопты шаршы-ұялы әдіспен егуді іатыл қолдануда, шымтезек-шірінді құрылаларды көптеп жасауда инициатива көрсетуге міндетті.

Комсомол ұйымдарының саяси-тәрбие жұмыстарының дәрежесі бүгінгі күннің талабына сай деп айта алмаймыз. Комсомолецтер мен жастар арасында лекциялық насихатты кең өрістетіп, олардың алдында саяси тақырыпта баяндамалар жасауды жиі ұйымдастыру және комсомол-жастарды қоғам жұмыстарына белсене қатынастыру—комсомол ұйымдарының күнбе-күн шұғылданып, қамқорлық жасайтын мәселелері.

Комсомол комитеттері, ең алдымен, баспауыш комсомол ұйымдарын нығайтуға, олардың секретарьларын орынсыз ауыстыра бермей, тұрақтандыруға және таңдаулы жастарды комсомол қатарына тартуға жете назар аударатын болсын.

Комсомолецтер мен жастар арасында физкультура—спорт ұйымдары мен көрсемөнер дарындылары үйірмелерінің жұмысын жақсарту беру мәселесімен үнемі шұғылданып отыру—комсомол ұйымдарының төл ісі.

Комсомолдың күші—оған партияның басшылық жасайтындығында. Сондықтан қалалық, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына нақтылы басшылық жасап, әсерлі көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Ә. Қаскеев жолдасы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградтау туралы ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Туғанына елу жыл толуына байланысты, республиканың бейнелеу искусство-сын өркендету ісіндегі творчестволық табыстары үшін Қазақ ССР халық суретшісі Әбілқан Қаскеев жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары И. ЛУКЪЯНЕЦ,

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы
8 январь, 1954 жыл.

УКРАИНАДА УКРАИНАНЫҢ РОССИЯҒА ҚАЙТА ҚОСЫЛҒАНЫНА 300 ЖЫЛ ТОЛУЫ МЕРЕКЕСІНЕ ӘЗІРЛЕНУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕ ҮКМЕТ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Украин КП Орталық Комитетінің, УССР Министрлер Советі мен УССР Жоғарғы Советі Президиумының қарары бойынша Украинаның Россияға қайта қосылғанына 300 жыл толуы мерекесіне әзірлену және оны өткізу жөнінде Үкмет комитеті құрылды. Комитеттің председателі Украин КП Орталық Комитетінің секретары Бириченко жолдас, Комитет председателінің

орынбасарлары—УССР Министрлер Советінің Председателі Коротченко жолдас және Украин КП Орталық Комитетінің секретары Подгорный жолдас.

Үкмет комитетінің құрамында ғылымның, мәдениет пен искусствоның көрнекті қайраткерлері, республика өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы адамдары, партия қызметкерлері бар.

ұлт саясатының салтанаты», «ССРО халықтарының мызғымас достығы—Отанымыздың қуаттылығы мен жеңілмейтіндігінің негізі», «Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызы» деген және басқа тақырыптарда лекциялау оқуда.

Қоғамның лекторлары қаланың мұғалімдері мен жастары алдында лекциялар оқыды. Трикотаж және темекі фабрикаларының, трамвай-троллейбус паркінің жұмысшылары, кен-металлургия, медицина, педагогика институттарының студенттері, министрліктер мен мекемелердің қызметшілері Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы лекциялар тыңдағысы келетінін білдірді.

Украинаның саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы Алматыға Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған бірнеше лекцияның текетін жіберді.

(ҚазТАГ).

Еңбекшілер үшін сапалы және түрлі товарлар көп өндірілсін

Қалалық XIX партия конференциясы

6 январьда қалалық XIX партия конференциясы болды. Онда қала партия ұйымының ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің көпшілік тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту, еңбекшілердің тұрмыстық қажетін қанағаттандыру туралы қаулыларын орындау жөніндегі міндеттері туралы ККП қалалық комитетінің секретары Полиннов жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөйлеген делегаттар бұл қаулыларды орындау жөнінде жүзеге асырылған жұмыстарға тоқталып, әлде болса орын теуіп отырған кемшіліктерді ашты. Былғары, шойын құю-таразы заводтары, темекі, тігін фабрикалары, спирт комбинаты, «Пищевик», «Ударник», «Бірінші май», Сталин атындағы кәсіпшілік артельдері жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Сауда ұйымдары қала еңбекшілерін өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен жабдықтауды біраз жақсартты. Бөлшек сауда айналымы өткен жылдың 11 айында 1952 жылдың сол уақытымен салыстырғанда 20 миллион сом өсті.

Алайда, көпшілік тұтынатын товарларды өндіретін кәсіпорындарының жұмыстарында елеулі кемшіліктер аз емес. Өнімнің шығарылуына тиісті 183 түрінен небары 70 түрі ғана шығарылды. Еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмалар орындалмады. Сегіз кәсіпорында өнімнің өзіндік құны жоғары, кейде оның сапасының төмен болуына жол берілді. Тұрмыстық жағынан қамтытын мастерскойлардың жұмысы қанағаттанғысыз болып отыр. Товар айналымының жоспарын орындай алмау сауда ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірінен саналады. Асханалар мен ресторандардың жұмысы бүгінгі күннің өскелең талапта-

Республиканың ауылшаруашылық жоғары оқу орындарының сырттан оқытатын бөлімшелерінде 2.400 адам оқыды. Соңғы екі айдың ішінде ғана партия, совет қызметкерлерінен, механиза-

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына

Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы «Украина жырлары» деген жыйнақты баспаға әзірлеп жатыр. Жыйнаққа Т. Шевченконың, Л. Украинаның және И. Франконың таңдамалы шығармалары, сонымен қатар М. Ваканский, П. Тычинаның, М. Рыльскийдің, А. Малышконың, Л. Первомайскийдің және басқа кәзіргі украин ақындары мен жазушыларының өлеңдері, поэмалары енгізіледі.

Бұдан басқа, Қазақстан жазушыларының Украина жайындағы шығармала-

бөлімбей отырғанына назар аударды сырттан оқып, ауылшаруашылық білім алу ісін жақсарту жөнінде бірқатар ұсыныстар енгізді.

(ҚазТАГ).

рының жыйнағын басу шаралары белгіленді. Бұл жыйнақтың кіріспе бөлімінде Жамбылдың «Тарас Шевченкоға» деген өлеңдері және С. Мұқановтың «Украина халқына» деген жаңа өлеңі басылды. Жыйнаққа Ж. Саинның өлеңдер циклі ақындар Т. Жароковтың, Ф. Ормановтың, Ә. Сәрсенбаевтың, Ә. Тәжібаевтың, Х. Ергалиевтың, М. Әлімбаевтың, С. Мәуленовтың, Е. Әлқабевтың совет халықтарының достығына арналған шығармалары кіреді.

(ҚазТАГ).

рапынша кадрларды іріктеп алуға кезеңіп отырған жәрәмсіз практика туралы айтты.

«Комсомолка» тігін фабрикасының директоры делегат Ермолин жолдас өзінің сөзінде кәсіпорының жұмысындағы кемшіліктердің жоспардың ассортимент бойынша орындамауының және өзінше құралының жоғары болуының себептеріне тоқталды. Фабрикада 1954 жылғы сырт кимдер тігетін, ерлер мен әйелдер пальтосын тігетін жаңа цех ашылақ. Сондай-ақ, жұнда балалар мен қыздар үшін пальто-костюмдер тігіледі.

Мемлекеттік қаржыны дұрыс пайдалану жөнінде депутат Применко жолдас сөз сөйледі. Ол кәсіпорының ішкі ресурстарын ұйымдастыруда кемшіліктер бар екенін, кейде айнадамалы қаржыны пайдалануда тәртіп бұзылатынын мәлімдеді. Мұндай кемшіліктер «Комсомолка» тігін фабрикасында, ет комбинатында, спирт комбинатында және аяккіім фабрикасында орын алған.

Қалалық сауда мекемесінің меңгерушісі Шеголев жолдас сауда жұмысындағы кемшіліктерді мойындады. Сонымен қатар сауда орындарына өнеркәсіп товарларын беруді қанағаттанғысыз ұйымдастырып отырған облыстық кәсіпшілік советінің «Бірінші май», Сталин атындағы «Деревообделочник» артельдерін орында- сынады.

«Бірінші май» артельінің председатели Миненкова жолдас еңбекшілердің тілегінің өскендігін, заказчиктер өнімнің сапасын оған әрі жақсарту жөнінде заңды талап қоятынын айтты. Бұл талаптарды орындау үшін, деді ол, кейде артель бөз, жағалық материалдар, қыл, әлем түймелер және басқалары болмай қалады. Бұл жөнінде облыстық кәсіпшілік совет мен Қазақстан кәсіпшілік советінің алты на бірнеше рет мәселе қойылды. Бірақ, алайда, аталған ұйымдар артельдің қажетін шешу мәселесін ұзаққа созып келеді. Жолдасның сөзі делегаттарды толық қанағаттандырмады. Ол өзінің сөзінде кәсіпорының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді көбіне бөгде себептермен түсінді-

емес, сонымен бірге сүрлеу және пішен алу үшін өсіруде. 1953 жылы судан шөбі егісінен 4.500 центнер жемшөп сүрленіп, 3.000 центнер пішен шабылды. Судан шөбі тұңғыш рет жайылым учас- тоғінде, Ілі бойындағы сортаң жерлерге егілді. Мұнда егілген 20 гектар судан шөбінен август айында 400 центнер пішен алынды. Шабылған жердің алпыны бұзауларды үстеп қоректендіру үшін күздің аяғына дейін пайдаланылды.

Колхозшылар судан шөбін өсірудің барысында оның тағы бір бағалы сапасын—арамшөпке қарсы күресуде пайдаланылмай қалған, арамшөп басып кеткен 30 гектар жерге судан шөбі егілді. Жаз айларында бұл егіс үш рет мол суарылды. Судан шөбі жедел қаулап өсіп, арамшөптерді басып тастады. Быыл осы учаскеке сулы егілді. Сулы арамшөпсіз таза болып өсіп, оның әр гектарынан 22 центнер астық алынды.

руге тырысып, ол кемшіліктерді жою жөнінде дирекция мен партия ұйымы қандай шаралар қолданғаны жөнінде мардымды ештеңе айтпады.

Делегат Бряков жолдас темір жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің жұмысына тоқталды. Мұнан кейін ол товарларды жоспарлау жұмысында орын алып келген кемшіліктерді айтты. Петропавлдың шойын құю-таразы заводы пеш плитасын керегінше шығаратынын мәлім. Осыған қарамастан біздің қаламыздың жоспарлау орнының Көкшетаудан 60 мың пеш плитасын сұрап заққа берудің таңымыз бар. Қалалық партия комитеті, оның өнеркәсіп және транспорт бөлімі жоспарлау ісіне нақтылы басшылық жасауға тиіс. Делегат Шкарупа жолдас мемлекеттік тапсырмалардың орындау ба- нысына үнемі бақылау жасаудың зор маңызы бар екенін атап көрсетті.

Мұнан кейін Шкарупа жолдас өзінің сөзінде товарларды бір келкі әкелудің, татериалдық қорларды дұрыс бөлудің қажеттігі туралы айтты.

Шойын құю-таразы заводының директоры Петров жолдас конференцияға кәсіпорны коллективінің товарлардың өнімін арттыру және оның сапасын жақсарту жөніндегі іргілікті істерін хабарлады. Пешен өзіннің соңында кәсіпорнының ниқіятпен жеткілікті қамтамасыз ете алмай отырған «Главлторгчермет» өкілі Заудинов жолдасы сынады. Сонымен қатар, Петров жолдас заводты электр қуаты мен және күрделі құрылыс үшін кірпіштен қамтамасыз ету жөнінде мәселе қойды.

Облыстық Совет аткомі председателинің орынбасары Пимбал жолдас қаланың кейбір кәсіпорындарының жұмысындағы кемшіліктерді айта келіп, 1954 жылғы міндеттерге тоқталды.

Жарыссөзде 16 адам сөз сөйледі.

Конференция кәсіпорындары мен сауда ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жою және еңбекшілердің қажетін барынша қанағаттандыруды жақсарту жөнінде қарар қабылдады.

Конференцияда облыстық XII партия конференциясына делегаттар сайланды.

Сәбит МҰҚАНОВ

Украинча сөздер

1. СӘЛЕМ САҒАН, КИЕВ!

Поезд зымыран келеді. Таң жаңа ғана бозамықта бастағанмен, біз мініп келе жатқан вагонда не ұйықтаған, не қалғыған жан жоқ.—бәрі де аяқтарынан өртүрегеп, сығылыса терезеден қарап тұр. Дала бұлыңғыр, тұмандау болғандықтан, сыртқа тіккен көзге, жолдың жиегіне жақын тұрған үйлер, немесе, жол ішін жапырып өткен орманның ағаштары болмаса, қонырқайлық бүркеген төңіректен ештеңе шалына қоймайды...

Бұл—1947 жылдың декабрі еді. Беттеп келе жатқан қаламыз Киев болатын. Біз Советтік Социалистік Украина Республикасының 30 жасқа толуына арналған мерекесіне қатынасуға келе жатырмыз.

Бұл бетке менің бірінші сапар шегуім, сондықтан, маған, бұрын көрмеген өлкеңің жерін де, суын да, орманын да, село қалаларын да көру қызық. Бірақ, мен, Москвадан 50—60 километр ұзаған сон ақ, вагон терезесінен қарауға құмарта қойған жоқпын. Несіне құмартам,—неміс-фашистерінің жытқыштық тырнағына босануына үш жылдай болғанмен, ол тырнақтан айғыздана түскен ауыр жаранын қанды жолағы, біз аралап келе жатқан бұл өлкенің денесінде әлі тұр: жол бойы өртенген, қыйраған үйлер, завод, фабрикалар, сарайлар, вагондар!... Бұрынғы Россия, бүгінгі совет адамдарының «табағат, маңдай терінен» құралған мүлікте емес пе бұлар?!... Соңна көп мүліктің бүлінуде, совет адамның жаны қалай ауырмас, жауға қалай келгенбесі!... Әрине, бүлінген мүліктер біраз жерде түзеліп те қалған, түзеліп те жатыр. Оны көру—нуаныш. Бірақ, «ауру батпандап кіреді, мысқалап шығады» дегенді төрт жыл бойына жау үздіксіз қыйратқан советтік мүліктің орны тым жылдам тола алмай жатыр екен. Социалық бүлінген мүлікке тесіле қарай берудің несі қызық!

Проводниктің айтуынша, Киевке біз күн шыға жетуге тиістіміз. Оған әлі біраз уақыт бар. Еңлеше, қашан жеткенше ұйықтай беруге де болар еді ғой, өйтейін десең бұрын көрмеген Киевті енді көруге мытыққан көңіл, ұйқыны пайдай аша береді.

Дүниеде Киев атты қала барын ерте өстігенмен, оның тағдырын түсінуге менің шүкішія кірісуім—1938 жылдың бер жағы. Со жылы, орыс халқының тамаша эпосы—«Игорь полякы туралы сөздің» шығуына 750 жыл толу мерекесі болды. Эпостың толын жатқан варианттарын салыстыра отырып, мен оны қазақ тіліне аудардым. Бұл аты «эпостың» бірі емес, орыс халқының конкретті тарихымен тығыз байланысты, әдебиеттік ғана емес, тарихтық мәні де аса зор эпос. Оның негізгі идеясы—орыстың елі мен жерін

қалың қолмен бездесіп қатты соғысады да, оларды қыйрата жеңеді. Жеңіске бастаған батыр ұлына орыс халқы Дмитрий Донской деген құрметті ат қояды.

Буликов даласындағы жеңістен кейін, «Алтын-Орда» аталатын Монғол хандығы Москва мемлекетіне бұрынғыдай өктем бола алмайды. Москва жылдан-жылға күшейе түседі. Ақыры, XVI ғасырда Алтын-Орда: Қырым, Астрахань, Қазан атанған үш хандыққа бөлініп, берекесі кетеді. Үшінші Иванның тұсында ерекше күшейе бастаған Москва мемлекеті, 1552 жылы Қазақ хандығын, 1557 жылы Астрахань хандығын бағындырып алды, сонымен бұрынғы Алтын-Орданың сімітіріндей ғана боп, Тавр жарты аралында Қырым хандығы ғана қалады. Астанасы Москва болған Россия одан кейін де күшейе бергенімен, көп уақытқа дейін Белоруссия Литва дворяндарының құлдығынан, Украина Польша шляхталарының құлдығынан шыға алмайды.

Екінші бір халықтың құлдануына ешбір халықтың көнбеуі, шамасы жеткенше азаттық күресін жүргізуі бүкіл халықтардың тарихынан айқын екені бізге мәлім. Польша шляхталарының құлдығына украин халқы да көнбейді. 1591—93 жылдары Криштоф Косинскийдің, 1594-96 жылдары Северин Наливайконың бастауымен украин халқы шляхталарға қарсы қанды күрес жүргізеді. 1632—34 жылдары Тарас Федоровичтің, 1636—38 жылдары Павлюктің бастауымен, бұл азаттық күресі тағыда қайталанайды. 1648 жылы Украина халқының азаттық күресін оның даңқты батыр ұлы, атақты мемлекет қайраткері Богдан Хмельницкий бастайды. Косуень түбіндегі қырғын соғыста Хмельницкий шляхталардың әскерін талқандап жеңеді де, Украинаны азат етеді.

Бірақ, іс мұнымен бітпейді. Шляхталар Украинаға қайтадан шабуыл жасауға жыйналады. Қара Теңіз жақ бүйірден Украинаға Турция сұлтанаты көзін алартады. Бұл арам ниетін Түркия өз ықпалындағы Қырым хандығы арқылы жүргізбек болады. Қырым ханы көршілес Украина жеріне үздіксіз шабуыл жасап, Украинаның мыңдаған ұл-қыздарын барымталап әкетеді де, Түркияға және шығыстың көрші елдеріне құлдық-құлдыққа сатады. Осындай ауыр жағдайды көрген Богдан Хмельницкий қаны бір туысы — орыс халқына бірлесіп украин халқының азаттыққа жете алмайтынын түсінеді де, 1654 жылы, халқының қалауымен, Россияға қосылады. Сөйтіп, Украинаның тарихында жаңа дәуір басталады.

Іс онымен де тынбайды. 1657 жылы Богдан Хмельницкийдің қайтыс болуына байланысты Польша және Түркия арасындағы

егуге патша үкметі 120 мың сом ғана шығын ұстаған, бұл—1952 жылы Киевке Совет үкметі жұмсаған шығыннан 10 мың еседей аз.

Мәдениет майданының қызметкері болғандықтан, Украинаның саяси және экономика жағынан революциядан бұрын және соң қалай өркендеуін байқай отыра, мен, әрине, оның мәдени жетістіктеріне бөңілімді көбірек бөлем.

Мысалға оқу жұмысын алайық. Ұлттық мәдениеті (әдебиет, музыка) ертеден бастала отыра, советтік дәуірге дейін Украинада ұлт мектебі болмаған. Патша үкметі украин тілінде мектеп ашу түгіл, 1863 жылы бірінші рет, 1876 жылы екінші рет украин тілінде ешбір баспасөз болмауға, ешбір мекемеде және мектепте украин тілін қолданбауға арнаулы қаулы шығарған. Тек 1905 жылы революцияның дүмпуімен ашылған аздаған ұлт мектептері (бастауыш ғана) мен ұлттық баспасөз Октябрь революциясына дейін еңсесін еркін көтере алмаған.

Енді, советтік дәуірде ше? 1917—40 жылдардың арасында, Украинада мектепке арналып тыннан 7000 үй салынған. Жалғыз Киевтің өзінде 70 үй салынады (бұл арада айта кететін бір гажап цифр сол, Романов тұқымы Россияда 300 жылдан артық патшалық құрғанда, Киев қаласына 12-ақ мектеп үшін салған, олар да украин тілінде оқыту үшін емес). 1897 жылы Украинада оқу жұмысына 100 мың сомдай ғана қаражат жұмсалса, 1932 жылы 2 миллиард 830 миллион сом жұмсалады, бұл 1897 жылдың қаражатынан 28 мың есе көп.

Революциядан бұрынғы бастауыш мектебі де жоқ Украинада, қазір 158 жоғары дәрежелі мектеп, 585 техникум бар, оларда 376 мың студент оқийды.

Оқу-ғылым орындарының биік шыңы —Украина Ғылым Академиясы 1919 жылы құрылады. Оның қарауында 32 ғылыми-зерттеу институты бар, олардың ғылымының 82 мұнесі, 88-кандидаты, 1300 ылайғы қызметкерлері еңбек атқарады. Академияның Киевтегі кітапханасында 4673 мың том кітап бар.

Украинаның көркем әдебиеті де өзге халықтардың әдебиетіндегі екі жүйеге бөлінеді: бірі ауыз әдебиеті, екіншісі жазба әдебиеті. Бұл өнерке біз Украина әдебиетінің екі жүйесіне де ерекше тоқтамаймыз. Тек ғана айтарымыз Украина ауыз әдебиеті, дүние жүзіндегі бұл жүйелі әдебиеттің ең байыны қатарына қосылады. Украин жырлары да, қазақ жырлары сияқты, тек арнаулы әнімен ғана айтылады. Христиан діні ерте сіңіп (X ғасыр)

ОБЛЫСТЫҚ МУЗЕЙДЕ

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи және өлкетану музейінің ашылғанына жуырда 30 жыл толды. Алғашында жергілікті өлкетану қоғамы түрінде ұйымдасқан бұл музей қазір республиканың облыс орталықтарындағы ірі музейлердің бірінен саналады.

1923 жылдың жазында Ақмола губерниялық партия комитетінің тікелей нұсқауымен Александров, Чернядьев және Любость жолдастар «Ақмола губерниялық жергілікті өлкетану қоғамын» ұйымдастырды және осы қоғамның негізінде Петропавл музейін ұйымдастыруға кірісті.

1924 жылы январь айының басында Петропавл тарихи және өлкетану музейі салтанатты түрде ашылды. Ол кезде музейдегі экспонаттардың аз болуына қарамастан оған келушілердің саны өте көп болды.

1925 жылдың жазында музейдің экспонаттары әлде қайда көбейді: «Степняк» алтын кені приискісінің маңайынан ерте кездегі халықтардың алтын таза-лайтын тастан істелген жабайы құралдары табылды, сол сияқты, санақ бюросының экспедициясына қатысқан музей директоры Дьячков жолдас музейге этнографиялық маңызы бар көптеген материалдар әкелді.

1928 жыл облыстық музей үшін өте табысты жыл болды. Вармашино мекенінен екі километр қашықтықта салмағы 40,5 центнерлік тұтас тау жынысының астынан тастан жасалған мола табылды. Бұл моланың ішінен жезден жасалған ыдыс, пынақ, садақ оғының жезден жасалған 11 үшкір ұшы, адамның бас сүйегі, қымбатты тастармен безендірілген 15 алтын пластинка алынды. Бұл мұралар болжалды жоба бойынша ертедегі көшпелілер дәуірінен қалған. Табылған заттар археологиялық және материалдық жағынан құнды болғандықтан Ленинградтағы Эрмитажға зерттеуге жіберілді.

1940 жылдың июль айында облыстық музейдің ғылыми қызметкерлері Қазақстанды зерттеу қоғамы және Көкшетау музейінің ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп, археологиялық шолу экспедициясын ұйымдастырды. Бұл экспедиция екі маршрут бойынша көлемі 200 километрлік алқапқа шолу жасады. Соның нәтижесінде Алмазная шоқысының жанынан лавр ағашының жапырағы түріндегі тастан жасалған садақ оғының ұшы және Викторовка көлінің жанынан темір үзетгі, қоладан жасалған айна табылды.

1946 жылдан бастап облыстық музей үйінің жұмысын кеңінен жүргізуге жос-

пар жасалды. Ал, 1947 жылы Солтүстік Қазақстанда Октябрьдің 30 жылдығы көрмесін ұйымдастырды. Бұл көрмені а-уақыт ішінде 6 мыңнан астам адам көрді.

Бұдан соңғы үш жылдың ішінде музей коллективі көптеген ғылыми маңызы бар жұмыстар жүргізді. Мәселен, Солтүстік Қазақстанның материалдық мәдениет ескерткіштерінің картасы жөн-олардың аудандар бойынша тізімі, те былған палеонтологиялық және археологиялық мұралардың картасы және кар-тотекасы жасалды.

Есіл өзені өзінің Бағанаты тармағы мен құйылысқан жерінде жүргізілген археологиялық зерттеуде шақпақпен атылатын тас қару, түрлі оюлармен безелген ыдыстың сынықтары, әйелдерді көптеген әдемілеп жасалған заттары адамдар сүйектері табылды. Бұл заттар Солтүстік Қазақстанның бұл ауданда рында ертедегі адамдардың өмір сүргендігін дәлелдейді.

Музей коллективі 1952 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының экспедициясымен бірге қазу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде Петропавлдан 15 километр қашықтықта Есіл өзенінің жарқа басынан мастодонттың қаңқасы табылды. Қазіргі уақытта сол қаңқаны қалпына келтіру аяқталды. Салмағы 7 тоннаға жететін бұл жануар «Мастодонт Берзон» тұқымына жатады. Петропавл мастодонттың —ССРО-да табылған үшінші мастодонт.

Өткен жылдың тамаша жемісі —музейде «Солтүстік Қазақстанның Совет өкіметіне дейінгі тарихы» бөлімінің тематикалық жоспарының жасалуы болып табылады. Бұл бөлімде Солтүстік Қазақстан жерінде пайда болған алғашқы адамдардың кезінен бастап Октябрь революциясына дейінгі тарих қамтылмақ. Бұл бөлім үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында ашылады.

Сол сияқты, музейдің ғылыми қызметкерлері 1954 жылы «Солтүстік Қазақстанның тарихи және тарихи-революциялық ескерткіштері» және «Солтүстік Қазақстанның топырақ картасы» деген тақырыпта ғылыми зерттеулер жүргізбек.

Быйылғы жылы 1953 жылы қолға алынған тематикалық лекциялар оқу ұлғайтылатын болады. Сол сияқты, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес музей ауыл-шаруашылық бөлімінің жұмысы да бұрынғыдан әлде қайда кеңейтіледі.

Т. НАЗАРОВА.

Музейдің аға ғылыми қызметкері.

СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП КЕШІ

Жуырда Явленка орта мектебінде оқушылар үшін халықаралық мәселелер бойынша сұрақ пен жауап кеші өткізілді. Оқушылар сұрақтарға берілген жауаптарды сүйсіне тыңдады.

Кештің соңында мектеп көркемөнер дарындыларының күшімен концерт берілді.

ҚАСҚЫР СОҚТЫ

Совет ауданы, Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің қарт қолжосшысы Сейіт Мұқашев жуырда қасқыр соқты.

Қасқырдың терісін мемлекеттік дайындау орындарына өткізген Мұқашев жолдасқа бағалы сыйлық берілді.

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ГДР-ДА БОЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

БЕРЛИН, 6 январь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының Вальтер Ульбрихт атындағы «Лейна-Верке» өте ірі комбинаты коллективінің шақыруы бойынша Батыс Германияның Людвигсхафендегі «Вадише анилинуді содафабрик» химия кәсіпорнының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің делегациясы комбинатта қонақта болды. Комбинатта болған кезінде Батыс Германияның еңбекшілері жұмысшылардың тұрмыс және еңбек жағдайларымен танысты.

«Нейес дейчланд» газеті бүгін мақала жариялап, бұл мақаласында Батыс Германияның жұмысшыларының делегация мүшелері комбинатта болғандығы туралы өздерінің пікірлерін ортаға салып, Батыс Германиядағы химия өнеркәсібі жұмысшыларының жағдайы туралы айтқан.

Үкмет пен кәсіп-рындардың тарапынан Герман Демократиялық Республикасының жұмысшыларына қамқорлық жасалып отырғандығы, мұнымен қабат Совет Одағының 1954 жылы 1 январьда «Лейна-Верке» комбинатын неміс халқының меншігіне тапсырғандығы делегацияның мүшелеріне үлкен әсер еткен. Делегацияның мүшелері Батыс Германиядағы оккупациялық өкмет орындарының әрекеттері мен Герман Демократиялық Республикасындағы советтік оккупациялық өкмет орындарының істері арасындағы үлкен айырмашылықты көзімен көргендігін мәлімдеді.

«Вадише анилинуді содафабрик» заводның жұмысшылары өздерінің алған пікірлері туралы Батыс Германияның еңбекшілеріне айтатындығын мәлімдеді.

ИТАЛИЯДАҒЫ ҮКМЕТ ДАҒДАРЫСЫ

РИМ, 6 январь. (СОТА). Республика президенті Эйнаути Пелла үкметінің орнынан түсуін қабыл алған, бірақ Пелланың жаңа үкмет құрылғанға дейін өз орнында қала тұруын сұраған.

7 январьда Эйнаути үкмет дағдарысын өтеу мақсатын көздеп, парламенттік топтардың басшыларымен ақылдаса бастамақшы.

Пелла христиандық-демократиялық партияның қатарында болып жатқан алауыздықтармен байланысты үкметтің құрамын өзгертуді көздеген 17 күнге созылған әрекеттерден кейін өзінің орнынан түсуін ұйғарғандығын мәлімдеген.

«Мессаджеро» газеті бұл дағдарыс итальян тұрмысының негізгі мәселелерін қозғауда және көпшілік партиясының ішінде «алауыздық және жікшілдік белгілерін білдірді», дейді.

жаудан қорғау, ол үшін орыс елін мың-мыңа бірлікке шақыру.

Россияның тағдырын Москва мемлекеті қолына алғанға дейін (XV ғасыр) үстіміздегі мың жылдың басынан Кунгей-шығыс славяндардың әсеріне орыс, украин, белорус халықтарының бас біріктірілген қаласы Киев екені белгілі. Сондықтан да ол күні бүгінге дейін «орыс қалаларының анасы» аталады, сондықтан да «Игорь полкы туралы сөз» де мұнда өзге қалалардан көбірек айтылады және ыстық махабатпен жырланады.

«Игорь полкы туралы сөзді» аударарда Игорь тұсындағы орыстардың саяси-экономикалық, мәдениеттік астанасы болған Киевтің қашан салынып, қалай өркендеуі туралы тарихи материалдарды біраз ақтарып, ол туралы да, жалпы Украина туралы да өзіме «справочник» жасап алған ем, соңымды Алматыдан Киевке аттанарда қалтама салып алғам.

Кеше, Москвадан Киевке беттеп жол тартқаннан кейін бір сәтте «справочникімді» қарап шықсам, Киевтің дәл қай жылдан бастап ірге тебуінен мәлімет жоқ екен. Тек ғана бар мәлімет—біздің дәуірдің IX ғасырында, Киев шығыс Европадағы ең зор, ең күшті және ең көркем қалалардың бірі болыпты.

Оның неіліктен «Киев» аталуы туралы, толып жатқан жорамалдар бар, солардың бірі—«Кий, Шек және Хорив дейін үш ағайынды жігіт осы қаланың алғашқы іргесін қалайды да, үлкені—Кийдің атын береді, сөйтіп қала «Кий қаласы», яғни—Киев аталады. Қаланың ортасын жарып Днепрге құйылатын Лыбедь атты өзеі бар, ол—әлгі үш ағайынды жігіттің сүйікті жалғыз қарындасының аты екен деседі.

Дәл кімнің, қашан салуы мәлімсіз болғанмен, Киев IX—XII ғасырларда, кейін үш ұлтқа бөлінген орыс, украин және белорустың басын біріктіріп, дүние жүзіндегі ең айбынды және мәдениетті мемлекеттердің бірі Киевтік Русьтің астанасы болады.

XIII ғасырдың орта кезінен бастап XIV ғасырдың аяғына дейін, Русь елінің, оның сол кездегі астанасы—Киевтің басына ауыр күндер туады: қазақ даласын, Орта Азияны, Кавказды, Қырымды жаулап алған Монғол хандары орыс жеріне де шабуыл жасап, екі ғасырдың бойына үстемдігін жүргізеді.

Монғол басқыншыларына Русьтің бірінші рет қатты соққы беруі—1380 жылдардың күзі. Сол жылы, Москваның князі Дмитрий Ивановичтің бастауы мен орыс армиясы Дон, Непрядово, Сүлу қылыш (Красивая мечь) өзендерінің арасындағы «Буликов даласы» аталатын кең өлкеде, Алтын-Ордаңын ханы—Мамай бастаған

көтеріледі, сол кездің ауыр жағдайымен есептескен Россия мемлекеті, 1669 жылы Польшамен соғысыз келісім жасайды да, Днепрдің оң жақ беті (ішіне Киев қаласын қоса) Россияда қалып, сол жағы Польшаның қарамағына қайта кіреді.

Тағы да жүз жылдай Польша магнаттарының (бай, дворяндарының) құлдығын да болған Кунгей Украина, 1768 жылы Железняктің бастауымен қайта көтеріледі. Бостандық үшін күрескен Украина халқына бұл өте бір қолайлы кезең болады: соңғы король III Августтың тұсында, жан-жағын күшті мемлекеттер қоршаған Польша әлсірейді; I Петр таққа отырғаннан кейін (1682 жылы) ерекше күшейген Россия Кара Теңіздің жиегіне қанат жаяды да, 1787—91 жылдардағы орыс-түрік соғысында Түркияны Кара Теңіздің теріскейінен біржола айдап шығып, ол жағрада Россия біржола бекінеді. Осы қолайлы екі жағдайды пайдалана отырып, XVIII ғасырдың алғында Украина тұтасымен туысы—Россияға тағдырын мәңгілік біріктіреді. Содан кейін, бұл бірақ мызуға былай тұрсын, жылдан-жылға күшейіп, нығая, беки түседі.

Соңғы жүз елу жылын туысқан орыс халқымен татулықта, бірге өткізген Украинаның жеріне, жау 1917—18 жылдары ғана аз уақыт басын сұқты. Бірінші империалистік соғыста, патша армиясының әлсіздігінен Украина жеріне кіріп алған Германия, Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасалғаннан кейін, оны мәңгілік басын қап құлдануды ойлады. Бірақ, украин халқы ол өкім-зорлыққа көнбей, батыр ұлдары Шорс пен Боженкоға ерді де, Қызыл Армияның жеңімпаз күшіне сүйеніп отырып, 1919 жылдың аяғына дейін жерін сыртқы жаудан да, ішкі жаудан да тазартып алды. Сөйтіп, 1917 жылдың 27 декабрі күні тігілген Украина республикасының советтік туы, Украинаның бар өлкесінде жайнай құлпырды. 1939 жылы Украинаға Карпат сырғындағы украиндықтар қосылды. Ұлы Отан соғысы күндерінде Украина жеріне кірген жау тұрақтай алмай, Коммунистік партияның тәрбиесінде өсіп шыныққан жеңімпаз Совет армиясының және Украина партизандарының күшінен қайтып бас көтере алмастай соққы көрді...

Советтік дәуірде ғана шын мағнасындағы ұлттық бостандық алған Украинаның астанасы—«орыс қалаларының анасы»—осы біз келе жатқан Киев. Оның тарихы қайдан басталуы туралы жоғарыда аздап айтылды. Оған қосымша айтарымыз: бұдан 156 жыл бұрын яғни 1797 жылы Киевте небәрі 19081 ғана адам тұрған. Ұлы Отан соғысының алдындағы Киев халқы (1938 жылғы) одан 27 есе көп, 1879 жылы қала тіршілігін қамтамасыз

ең өмірінен туған ауыз әдебиеті аса бай. Оның жемісті бір бұтағы, жыл тәулігіндегі шаруашылық мезгілдеріне байланысты. Мысалы: «Колыда» атты жырлар қысқы күннің шуақ, жайлы болуына; «Водолюбное»—көктемнің көрікті болуына, әсеріне, егіннің шығымды болуына; «На Георгия»—көктем малының семіз және тәтті болуына; «Купало»—егін орап кездегі күннің ашық болуына; «Петривок»—күзгі күннің жайлана батып, рахат тем алуына арналады. Халықтың «торқалы той, топырақты өліміне» арналған ән мен жырлар да Украина тілінде аса бай, әсеріне қыз ұзату, келін түсіру, жастарға арналған өзге ойын-сауық тәрізіндегі, сол сияқты, көп жылдарға созылған Украина халқының бостандық күресі жөніндегі жырлар «дума»—«ой» деген атпен әлде неше жүйелі ән-жырға бөлінеді.

Ал Украинаның өз тіліндегі жазба әдебиеті XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Оның алғашқы күрделі өкілі—Иван Котляревский (1769—1838). Содан бастап дамыған Украина жазба әдебиетін ұлттық шынына жеткізген—оның атақты ақыны Тарас Шевченко (1814—1861). Шевченкодан басталған Украинаның шын мағнасындағы халықтық революцияшыл әдебиеті арқауын жіңішкертпей, жуандата түсіп, қуатты совет әдебиетіне келіп тұтасады. Украин совет әдебиетінің көрнекті өкілдері Тычина, Рыльский, Бажаң, Корнейчук, Панч, Смолич, Забила, Гончар, Собко тағы басқалар Украинаның ғана емес, бүкіл совет әдебиетінің мақданышына жатады.

Міне, 1947 жылдың декабрь айында Москва—Киев поезымен Киевке келе жатып, Украина және Киев туралы бұрын жасалған справочникімді қарағанда одан шолып өткенім осылар болды. Ондағы материалдарымды қарап болғанша, біз Киевке жақындап та қалыппыз.

—Әне Киев!—дегенге, мен де түрегеліп терезеден қарасам, дөңнің басында кеңейіп, шоғырланған қаланың серейген биік үй-тері, завод-фабрикаларының сорапқан бойындары, ескі шершеулердің жалтыраған мұнаралары көрініп қапты. Сағынып тез көруге құмартқан біреу-ғой деймін, әлде кім:

—Сәлем, сүйікті Киев!—деп дауысың шығара айғайлап жіберді. Бұл бәріміздің жүрегіміздегі сүйіспеншілік, бәріміздің айтпақшы болған шексіз ыстық, туыстық, достық сәлеміміз еді. Мен де Киевке тез енгуге, оның ішін гезірек аралауға асықтым. Көрікті Киев ізді жылы, туыскандық құшағын жая қарсы алды.

(Жалғасы бар).

Галантерея товарлары

Алматының универсалдық магазинінде әйелдердің жаңа фасонды сумкалары сатыла бастады. Алматының былғары-галантерея фабрикасының сапалы, жұқа былғарыдан тігілген әсем бұйымдарын республика астанасының тұтыну-

шылары ғана емес, Қазақстаннан тыс жердегі еңбекшілер де көптеп сатып алууда.

Фабрика өткен жылы 40 мыңнан астам әйелдер сумкасын, сондай-ақ әйелдер мен еркектердің биялайларын,

спорттық және жол жүрушілерге арналған чемодандар, балалар сумкаларын жасап шығарды.

Фабрика жылдық өндіріс жоспарын мерзімінен бұрын орындады. (ҚазТАГ).

1948 ЖЫЛЫ ШЫҒАРЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК 2 ПРОЦЕНТТІК ҰТЫС ЗАЕМНЫҢ ТАБЛИЦАСЫ

1953 жылғы 27 декабрьде Тула қаласында өткізілген 12-ұтыс тиражының ТАБЛИЦАСЫ

Заемның барлық разрядтарындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыс шықты.

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
000570	1—50	400	010971	1—50	400	023768	47*)	5.000	036975	1—50	400
000976	31*)	5.000	011136	37*)	10.000	023893	1—50	400	037240	1—50	400
001328	1—50	400	011565	1—50	400	024517	1—50	1.000	037586	1—50	400
001430	50*)	10.000	011700	1—50	400	024856	1—50	400	037587	03*)	5.000
001434	1—50	400	011780	07*)	10.000	025052	1—50	400	038146	1—50	400
001606	18*)	5.000	012451	05*)	25.000	025249	1—50	400	038271	1—50	400
001719	1—50	400	012454	1—50	400	025471	1—50	400	038728	1—50	400
001745	1—50	400	012670	1—50	400	025529	10*)	25.000	038789	12*)	25.000
001754	1—50	400	013079	1—50	400	025633	11*)	5.000	039308	1—50	400
001911	1—50	400	013416	1—50	400	025787	1—50	400	039834	1—50	400
001914	17*)	5.000	013943	1—50	400	025801	1—50	400	039969	15*)	10.000
002154	1—50	400	014430	1—50	400	025985	1—50	400	040224	1—50	400
002233	1—50	400	014438	1—50	400	026027	21*)	5.000	040276	1—50	400
002306	1—50	400	014653	07*)	5.000	026504	1—50	400	040487	1—50	400
002408	1—50	400	014917	1—50	400	026691	1—50	400	040872	17*)	10.000
002417	06*)	10.000	015046	1—50	400	027044	15*)	25.000	040948	33*)	10.000
002638	1—50	400	015285	01*)	10.000	027317	1—50	400	041007	1—50	400
002726	1—50	400	015358	38*)	10.000	027385	1—50	400	041040	1—50	400
002848	22*)	5.000	015400	26*)	5.000	027422	19*)	10.000	041061	1—50	400
002930	1—50	400	015465	1—50	400	027805	10*)	10.000	041084	1—50	400
002947	1—50	400	015579	1—50	400	027982	1—50	400	041390	1—50	400
003396	01*)	10.000	015597	1—50	400	028226	22*)	5.000	041514	1—50	400
004071	48*)	25.000	015833	13*)	5.000	028632	1—50	400	041916	1—50	400
004313	1—50	400	015899	1—50	400	029036	1—50	400	042109	1—50	400
004506	30*)	5.000	015933	10*)	5.000	029100	03*)	10.000	042245	1—50	400
004528	48*)	5.000	016053	04*)	5.000	029232	49*)	10.000	042762	10*)	5.000
004645	1—50	400	016063	43*)	5.000	029448	1—50	400	042857	1—50	400
004710	50*)	5.000	016465	24*)	10.000	029459	1—50	400	043025	23*)	10.000
004807	1—50	400	016574	1—50	1.000	029923	44*)	5.000	043041	1—50	400
004980	1—50	400	017416	30*)	5.000	030260	1—50	400	043139	1—50	400
005024	18*)	10.000	017630	1—50	400	030533	1—50	400	043258	1—50	1.000
005519	08*)	5.000	017773	1—50	400	030539	1—50	400	043393	1—50	400
005871	1—50	400	017814	1—50	400	030542	41*)	5.000	043703	27*)	10.000
005915	1—50	400	017819	04*)	5.000	030613	1—50	400	043713	15*)	5.000
005951	38*)	5.000	018513	1—50	400	030663	1—50	400	044178	24*)	5.000
006027	22*)	10.000	018610	1—50	400	030732	11*)	5.000	044282	43*)	5.000
006450	42*)	5.000	018624	19*)	25.000	031669	19*)	5.000	044405	1—50	400
006698	1—50	400	018881	1—50	400	032009	1—50	400	044411	1—50	400
007434	10*)	5.000	019208	16*)	5.000	032166	1—50	400	044636	1—50	400
007614	1—50	400	019322	1—50	400	032193	1—50	400	044668	19*)	5.000
007835	25*)	10.000	019359	1—50	400	032199	15*)	10.000	044732	1—50	400
007857	23*)	50.000	019406	1—50	400	032294	1—50	400	044845	1—50	400
008026	01*)	10.000	019527	34*)	5.000	032325	1—50	400	044846	1—50	400
008178	37*)	10.000	020037	1—50	400	032326	1—50	400	045716	1—50	400
008393	21*)	5.000	020335	1—50	400	032622	1—50	400	045825	41*)	5.000
008445	29*)	5.000	020399	1—50	400	032953	1—50	400	046279	1—50	400
008491	1—50	1.000	020483	1—50	400	033246	10*)	5.000	046432	1—50	400
008556	30*)	5.000	020699	1—50	400	033389	1—50	400	046539	1—50	400
008995	05*)	25.000	020769	1—50	400	033704	1—50	1.000	046844	14*)	10.000
009045	1—50	1.000	020792	1—50	400	033723	1—50	1.000	046845	1—50	400
009490	1—50	400	020952	49*)	25.000	034136	1—50	400	046869	1—50	400
009548	1—50	400	021016	1—50	400	034443	42*)	50.000	047167	48*)	25.000
009560	1—50	400	021119	1—50	400	034497	1—50	400	047638	46*)	10.000
009735	1—50	400	021621	1—50	400	034564	1—50	400	048051	1—50	400
009756	1—50	400	022135	1—50	400	035099	1—50	400	048446	20*)	5.000
009822	31*)	5.000	022146	1—50	400	035165	1—50	400	048490	44*)	5.000
010001	45*)	5.000	022410	25*)	25.000	035190	30*)	5.000	048798	43*)	5.000
010159	1—50	400	022663	1—50	1.000	035708	1—50	400			
010166	1—50	400	022745	1—50	1.000	035774	44*)	5.000	048895	1—50	400
010289	1—50	400	023090	1—50	400	036074	06*)	5.000	048962	1—50	400
010447	1—50	400	023202	1—50	400	036105	34*)	5.000	049605	1—50	400
010551	1—50	400	023331	1—50	400	036488	1—50	1.000	049636	1—50	400
010774	05*)	5.000	023520	1—50	400	036891	1—50	400	049910	1—50	400

* Осы сериядағы облигацияның қанған 49 номеріне 400 сомнан ұтыс шықты.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖОЛДАС НАМЫСЫ»

атты көркемсуретті жаңа фильм. Сеанстар сағат 2,30-6,30-8,10-10-